

Менің сүйікті өнертабысым және ол адамзатқа не берді?

Бүгінгі таңда Қазақстанда көптеген жас өнертапқыштарымыз өз идеяларымен және түрлі жасампаз бастамаларымен елімізді ғана емес, дүние жүзін таңғалдыруда. Қазіргі заманды өнертабыстар заманы деп толық сеніммен айтуға болады. Өзімнің жазба жұмысымда өзім ойлап тапқан өнертабысым жайлы және оның адамзатқа берер көмегі жайлы сөз қозғағым келеді.

Менің 9-сыныптан бастап қоғамда болып жатқан түрлі мәселелерге жеке көзқарасым қалыптасып, сол мәселелерді қалай шешсем деген ой мазалай бастады. Еліміздің дамуына, қоғамның алға жылжуына кішкентай болса да өз үлесімді қосқым келді. Уақыт өте келе әртүрлі мәселелерді қарастырып, олардың шешімін іздей бастадым. Медицина саласы елімізде қарқынды даму үрдісін басынан кешіріп жатса да, ол барлық ауруларды және ағзаның түрлі бұзылуларын толықтай зерттей алмады. Бір күні досым өзінің қарындасымен таныстырып, сол жайлы сөз қозғады. Досымның қарындасында аутизм деген симптом бар екен. Маған аутизм туралы білу соншалықты қызықты болғандықтан, олар мені өздері баратын орталыққа шақырды, онда мен осындай науқасты балалардың күн режимімен танысып, немен айналысатынын көрдім. Барғанымға өкінбеймін, себебі мен осындай күйдегі балаларға қуаныш сыйладым және өзім де көп нәрсемен таныстым. Бірақ сол барғанымда мен бір нәрсені көзім шалып қалды. Осы аутизммен науқас балалардың бірнеше минут қана отыруының өзі оларға қиын соғатынын байқадым, себебі олар бұлшық еттерін сезбейтіндіктен, өз іс-әрекеттерін бақылай алмайды және әрқашан кез келген іс-әрекет жасай беретінін көрдім. Осыдан бастап мен бір апта бойы ойланып жүрдім, бұл балаларға қандай да бір көмек бергім келді. Ең маңызды нәрсе - бұл балалар басқа дені сау балалар сияқты болғысы келеді, бірақ өздерінің ерекшелігіне байланысты бұл мүмкін емес. Келесі аптада мен сыныптасыммен осы орталыққа осындай ерекше балаларға көмектесу ниетіммен қайта бардым. Орталық

қызметкерлері бізге барлық мән-жайды түсіндіріп айтып берді. Осы сұхбат барысында біз аутист балалардың проблемасына байланысты өзекті тақырыпты анықтадық. Бұл - "бұлшықет-рефлексиясы" - іс - әрекетті немесе қарапайым қимылдарды саналы түрде жасаудың басты мәселелерінің бірі, өйткені бала-аутист өз денесінің бөліктерін танымайды. Проблеманы негізге ала отырып, бізге осы науқасқа шалдыққан балаларға арналған мобильді қосымшаны жасау идеясы келді. Біздің қосымша кез келген балаға емес, нақты аутист балаларға арналған болу керек деген шешімге келдік. Біз мамандармен бірлесе, ақылдаса отырып, аутист балалардың қозғалысын түзету үшін жаттығулар кешенін әзірледік. Алайда балалардың денсаулығында қандай да бір нәтижелер пайда болу үшін, бұл жаттығуларды үнемі орындау керек, олар бала өмірінің бір бөлігі болуы керек. Ата-аналар өздерінің балаларының баяу балалар деп аталатынын екенін есте сақтау керек және өзгерістер тез пайда болуын күтпеу керек. Алғашқы нәтижелер ай немесе тіпті жылдардан кейін байқалуы мүмкін.

Статистика мәліметтеріне сәйкес, 2015-2016 жылдары ерте аутизмі бар балалар саны айтарлықтай артты. Осылайша, осы санаттағы балаларды бейімдеу мен әлеуметтендіруде барынша тиімді көмек көрсету жолдарын іздеу қажеттілігі туындады. Біз Android негізіндегі құрылғылар үшін "TRAINAUT" ("аутист балаларға арналған қосымша") қосымшасын құрдық. Біз бұл қосымша аутист балаларға бұлшық ет топтарын дамытуға көмектесе алады деп сенеміз. Жаттығудың барлық түрлерін Павлодар қаласының "ПИК" (жасөспірімдердің инклюзивті командасы) мамандары растады, бұл жаттығулар аутист балалар үшін арнайы әзірленді және іріктелді. "TRAINAUT" қосымшасы дененің әртүрлі бөліктері үшін суреттер мен жаттығулар түрлерін қамтиды, сондай-ақ белгілі бір бұлшық ет қалай жұмыс істейтінін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, ақпарат пен бейнематериалдармен қамтамасыз етілген. Қосымша құрамында:

- 1) Баланың көмегімен нақты айналыса алатын және жаттығудың қажетті түрлерін белгілей алатын мобильді қосымша бар, сондай-ақ қолданушы толыққанды ұсыныстар-өтініштер жасай алады.

2) Әрбір Button-да (түймелер) әртүрлі жаттығулар мен бұлшық ет туралы ақпарат ұсынылған. Сондай-ақ, нақты бұлшық ет жаттығулар тізімі ұсынылған және адамның дене бұлшық ет фотосында көрсетілген. Жаттығуларды әзірлеуге бізге Махметов Әділ Маратұлы көмек көрсетті. Әр аутист балаға қандай бұлшық етпен жұмыс істеу керектігі берілген. Осы жаттығулар қосымшада пайдалану үшін таңдап алынды және рұқсат етілді.

3) Қосымша Android негізіндегі құрылғыларға арналған. Сондай-ақ, қосымша аутизм, Даун синдромы, алалия және бұлшық ет рефлексиясының дамуындағы қиындықтармен қоса жүретін басқа да бұзылулары бар балаларды тиімді оқыту үшін қолайлы деп есептейміз. Қосымша, сондай-ақ, кіші жастағы қарапайым балалармен сабақ барысында дамытушы құрал ретінде де қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, қосымшада геймификация бар, яғни қосымша балаларға арналған арнайы ойын форматында жасалған. Балалар әр жеке бұлшық еттермен жұмыс түрін орындағаны үшін анимацияланған кубок түрінде жүлде алады.

Қазіргі уақытта біздің қосымшаны үш елдің (Қазақстан, Ресей және Грузия) адамдары, яғни 70-90 отбасы пайдаланады.



Ағымдағы жылы біз аталмыш жобамызбен көптеген конференцияларда, акселераторларда, стартап конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болдық және осы зияткерлік жобамызды басқа адамдарға таныстыра алдық .



БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) біз туралы:



Соңғы жылдары біздің елімізде аутист - балалар санаты ешқандай кәсіби көмек алған жоқ. Уақытылы медициналық немесе психологиялық көмек және айналасындағыларға қолдау көрсету болмаған жағдайда, мұндай балалардың басым бөлігі оқымайтын деп танылады және әлеуметтік бейімделе алмайды. Егер осындай науқасы бар балаларға уақытылы көмек көрсетілсе, бала аутистік үрдістерді жеңіп, социумға біртіндеп енуіне мүмкін алады.

"TRAINAUT" мобильді қосымшасы тек Қазақстан бойынша ғана емес, бүкіл әлем бойынша аутист балаларға арналған бұлшық ет тарауын дамыту бойынша бірінші қосымша болады. Бұл мобильді қосымшаның мақсаты - аутист балаларды бұлшық ет құрылымдары бойынша дамыту мен үйрету және физикалық жаттығулардың қалай дұрыс орындалатынын көрсету болып табылады. Мамандардың гаджеттің түрлі түрлерімен аутистермен айналысуға мүмкіндігі бар. Бұл үстелде әдеттегі карточкалармен айналысудан әлдеқайда қызықты. Гаджеттердегі сабақтар тиімділіктің мүлдем басқа деңгейін көрсетеді. Қосымша айналыста өте ыңғайлы. Бұл ерекше баламен жұмыс істегенде маңызды. Қосымшалар ата-ананың іс жүзінде "алақанға" бұлшық ет жүйесімен жұмыс істеу үшін қажетті барлық ақпаратты бірден көре алатынымен ыңғайлы. Басты идея- баланың даму ерекшеліктерімен және оның ата-аналарымен бірге спортпен айналысуы, өйткені бұл баламен жұмыс жасаудың жағымды және пайдалы нысаны. Тек ата-ана ғана өз баласы үшін тамаша жаттықтырушы бола алады, оған қуаныш, сергектік және спортпен айналысу кезінде жақсы көңіл-күй сыйлай алады. Аутист бала өзінің денесін нашар біледі, сондықтан "TRAINAUT" қосымшасы баланың бұлшық ет жүйесін жолға қоюға арналған. Біздің мобильді қосымшамыз ата-аналар мен мамандарға да айтарлықтай көмек көрсетеді. Қазір біз патентімізді алу және барлық мұқтаждарға PlayMarket-тен жүктеу үшін қосымша қолжетімді болуы үшін мәре сызығына жақын келе жатырмыз. Әзірге авторлар ретінде өз құқығымызды қорғау мақсатында ұсынылған мобильдік қосымшаның түпнұсқалығын білдіретін және құқықтар туралы хабардар ететін арнайы белгі қою қажет. Өйткені соңғы уақытта біз "зияткерлік меншік" немесе басқаша айтқанда авторлық құқық деген сөзді жиі естиміз! Шынында да, бұл экономикалық тұрғыдан

өте маңызды ұғым. Онсыз бизнесті дамыту мүмкін емес. Зияткерлік меншікті қорғау жүйесінде да көптеген жұмыстар атқарылды. Зияткерлік еңбек әрбір азаматтың жеке өнертабысы болып табылады. Бүгінгі күні авторлық құқықты бұзу, бөтен еңбекті пайдалану жағдайлары, сондай-ақ ақпаратты заңсыз түрде тарату жиілеп кетті. Олардың арасында авторлық құқық объектілерін музыкалық салада пайдалану, тауар белгісінің брендін көшіру ерекше орын алады. Сол себепті біз өзіміздің зияткерлік меншігімізді барынша көшіруден қорғап, өз құқығымызды қорғай білуіміз керек. Авторлық құқығымызды ешкім бұзбау үшін біз осы қосымшаны жақында патенттейміз.

Қорыта айтқанда, зияткерлік меншік, жеке өнертабыстар, тиімді жаңа нәрселер тек адамзаттың пайдасына шешіліп, осы тұрғыдан біз еліміздің дамуына өз үлесімізді қоса алсақ, бұл біздің жеңісіміз болары айдан анық.